

Біздің зиялылар АСТАНАДА АЛҒАШ РЕТ бас қосып, ондағы студенттеріміз облыс Әкімімен жүздесті

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кездесуде бұдан басқа «Астана» СК президенті Болат Тұрлыханов, «Азия Авто» АҚ президенті Ержан Мәндиєв, мемлекеттік мекемелердің жетекшілері мен оқытушылары болды.

Кездесуде аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ жастарды облыстың тыныс-тіршілігімен таныстырып, жүзеге асырылып жатқан индустриялды-инновациялық жобалардың аяқ алысы жайлы кеңінен әңгімеледі.

Соңғы 2 жыл ішінде атқарылған қомақты істер өте нәтижелі болды. Өңірде тұрғындардың әл-ауқатын арттырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше мән беріледі. Ауылды жерлерде жаңа жұмыс орындары ашылып жатыр. Облыста жастарды жұмыспен қамту, мамандардың біліктілігін арттыру бағытында игі іс-шаралар атқарылуда. Ел экономикасын дамытуға сүбелі үлес қосып келе жатқан Шығыс Қазақстанға стратегиялық жоспарды жүзеге асыру үшін өндіріс, құрылыс,

инновациялық технология салалары мен көлік құрастыратын кәсіпорындарда жұмыс істейтін білікті жас мамандар қажет. Облыс Әкімі жерлес студенттерді оқу бітірген соң елге келіп жұмыс істеуге шақырды.

Студенттер де аймақ басшысына көкейде жүрген сауалдарын қойып, облыстың бүгінгі мен келешегі туралы сұрастырды. Шығыс Қазақстанның өндіріс саласындағы алпауыт компаниялардың басшылары да жиында сөз алып, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Кездесу барысында Шығыс Қазақстан облысы мен «Назарбаев университеті» АҚ арасында ортақ Меморандумға қол қойылды. «Назарбаевтың зияткерлік мектебі» және «Облыстың білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы мен дамуы» атты көрме ұйымдастырылды. Ал ең үздік студенттерге облыс Әкімінің мақтау қағазы мен ақшалай сыйлығы тапсырылды. Сөйтіп, облыс Әкімімен кездескен студенттер де бір серпіліп қалды.

Шығыс-Ақпарат